

ТАРИХИ ЭТНОМӘДЕНИ-СЕМАНТИКАЛЫҚ БЕЛГІЛЕНІМ ӘЗІРЛЕМЕСІ

(орта ғасыр және фольклорлық мұралары материалдары негізінде)

*Сейітбекова А.¹, Көбденова Г.²

*¹филология ғылымдарының кандидаты, Ахмет Байтұрсынұлы атындағы Тіл білімі институты, Алматы, Қазақстан,

e-mail: ainurseit@mail.ru, <https://orcid.org/0000-0003-4268-1572>

²филология ғылымдарының кандидаты, Ахмет Байтұрсынұлы атындағы Тіл білімі институты, Алматы, Қазақстан,

e-mail: guljihan@mail.ru, <https://orcid.org/0000-0001-7514-8710>

Аңдатпа. Қазіргі қазақ тілінің қолданбалы лингвистикасында ұлттық этномәдени бірліктердің мағынасын, мәдени кодын ашу, Қазақ тілінің ұлттық корпусына енгізу, түсіндірме сөздігін әзірлеу – өзекті мәселелердің бірі. Бұндай қолданбалы лингвистикалық зерттеулер мен электронды ресурстар қоғамның барлық мүшесіне ашық, қолжетімді болып, қазіргі жаһандану заманында жастардың мәдени-танымдық ақпараты бар этномәдени құндылықтардың мән-мағынасын түсініп, лингомәдени және этномәдени танымдық құзырттіліктерін арттырады.

Зерттеудің негізгі мақсаты – жазба мұралар мәтіндеріндегі діни мифологиялық этномаркерлі тілдік бірліктерді талдау және «Мәдени-репрезентативті ішкорпусқа» енетін этномәдени белгіленімінің үлгісін әзірлеу.

Қазақ халқының мәдени-рухани құндылықтарын танытатын этномәдени бірліктердің мол қоры көне түркі, орта түркі мұралар тілінде және қазақтың өте бай ауыз әдебиеті үлгілерінде сақталған.

Орта ғасыр жазба ескерткіштері мен ауыз әдебиеті үлгілері мәтіндерінде көне түркі, кірме араб, парсы сөздерінен тұратынын ескерсек, олар фразеологизмдер, парамеологизмдердің қалыптасуына қызмет етті. Ескі жазба мәтіндерде кездесетін лексика-фразеологиялық-паремологиялық тіркестер сол дәуірдегі рухани, діни, мифологиялық, тұрмыстық, әлеуметтік, қоғамдық, эстетикалық санасын айшықтайтын тілдік құралдар. Осыған байланысты мақалада діни-мифологиялық ұғымдарды қамтитын бірнеше этномәдени бірліктер ғана қарастырылады. Олар орта түркі дәуірінің (XIII-XVII ғғ.) жазбаша ескерткіштерінің мәтіндерінде және XIX-XX ғасырлардың фольклорлық мұраларында кездеседі. Мақалада жазба мұралар тіліндегі діни-мифологиялық мазмұнды қамтитын этномәдени кодты құрайтын бірліктердің мағынасы мен қолдану ерекшелігі анықталып, сонымен қатар тарихи этномәдени семантикалық белгіленімін түзу мәселесі талданады және Қазақ тілінің ұлттық корпусының «Мәдени-репрезентативті ішкорпусқа» енгізу үлгісі ұсынылады.

Діни-мифологиялық бірліктерді талдау барысында тарихи-этномәдени талдау әдісіне басымдық беріледі.

Зерттеудің практикалық маңыздылығы – Ахмет Байтұрсынұлы атындағы Тіл білімі институтында әзірленіп жатқан Қазақ тілінің ұлттық корпусының «Мәдени-репрезентативті ішкорпусына» енетін діни мифологиялық ұғымдарға қатысты этномәдени тілдік бірліктердің семантикалық белгіленімінің әзірленуі – пайдаланушы үшін белгілі бір этномәдени ұғымның астарында жатқан мағынаны тану үшін пайдалы құрал бола алады.

Тірек сөздер: этномәдени бірлік, жазба мұралар, дін, миф, лексика, семантика, Қазақ тілінің ұлттық корпусы, мәдени корпус

Негізгі ережелер

Қазақ тілінің ұлттық корпусындағы Мәдени ішкорпуста берілетін жеті қат, жеті ықылым, нұр, су, топырақ секілді этномаркерлі тілдік бірліктердің тарихи, діни-мифологиялық семантикасы, этно-мәдени сипаттарын ашу мен оның берілу үлгілері көрсетіледі. Этномәдени бірліктерді сипаттаудың тарихи-мәдени тәсіліне кеңірек тоқталып, жыр үзінділерінен алынған мысалдармен дәйектеледі.

Кіріспе

Орта түркі және фольклорлық мұралар мәтіндеріндегі этномәдени бірліктерді жинақтау, семантикалық уәжін анықтау – арнайы зерттеуді қажет ететін тың тақырыптардың бірі. Себебі ортағасыр және қазақ фольклорлық мұралар мәтіндері сол дәуірдегі қоғамның дүниетанымын бейнелейтін этномәдени тілдік қолданыстарға бай тілдік материалдар болып табылады. Этномәдени бірліктерді жинап қана қоймай, оларды сұрыптап, жүйелеп, мәдени кодын ашып, семантикалық белгіленімдерін әзірлеп, Қазақ тілінің ұлттық корпусына енгізу – қоғамның тарихи-танымдық санасын жаңғырту үшін пайдалы құрал болатыны сөзсіз. Қазіргі таңда әзірленіп жатқан Қазақ тілінің ұлттық корпусы (ары қарай – ҚТҰК) бірнеше ішкорпуста тұратынын ескерсек, соның бірі – «Мәдени ішкорпус» [1].

Бұл қандай ішкорпус? Осындағы репрезентация – адам санасында жинақталған, қалыптанған әлем туралы білімдер жиынтығы. Ал тілдік репрезентация адам санасында жинақталған тәжірибе мен білім туралы ақпараттың тіл арқылы материалдануының нәтижесі [2]. Қазіргі таңда қазақ тілінің мәдени-репрезентативті ішкорпусын жасаушы бірден-бір мекеме – Ахмет Байтұрсынұлы атындағы Тіл білімі ғылыми-зерттеу институтының этнолингвистика мамандарының сөзінше, мәдени корпус дегеніміз сөздің астарында тілдік, мәдени-танымдық ақпарат сақталған корпус базасы деп түсіндіреді [3]. Яғни, мәдени-репрезентативті ішкорпус елді тұтастырушылық қызметі бар, ұлттық коды бар қазақ сөздерінің мәдени семантикасын игеруге көмектесетін, ұлттың өзін-өзі тануына, рухани дамуына, ашық код пен жабық кодтарындағы тіл мен ел тарихы мен бүгінгісін меңгеруге жол ашатын онлайн энциклопедиялық сипаттағы платформа.

Қазіргі тіл білімінде лингво-этно-мәдени бірліктерді сипаттаудың, талдаудың түрлі тәсілдері бар. Мәселен, Ресей ғалымы Л.Г.Веденинаның еңбегінде этномәдени бірліктерді сипаттаудың тәсілдері ретінде үш үлкен деңгейді анықтап береді: I. Этнолингвистикалық тәсіл. 1. Ұғымдық деңгей. 2. Концептуалдық деңгей. 3. Тілдік деңгей. II. Этнопсихологиялық тәсіл. Әр ұлттың өзіне тән мінезіне қатысты болады. III. Тарихи-мәдени тәсіл. Этностың психологиялық және мәдени ерекшеліктерінің пайда болуы мен тарихы туралы мәлімет береді [4].

Жазба ескерткіштер мен халық ауыз әдебиетінде кездесетін этнонтаңбалы тілдік бірліктерді тарихи-этномәдени тәсілмен ашу арқылы қазақ тілінің мәдени-репрезентативті ішкорпусының мазмұнын тереңдете түседі. Осыған

орай мақаланың мақсаты – орта түркі және фольклорлық мұралар мәтіндеріндегі діни-мифологиялық компоненттерді құрайтын этнотаңбаларды анықтау, семантикалық белгіленімін әзірлеу.

Әдебиетке шолу.

Қазақ тіл білімінде этнолингвистиканың алғашқы белгілері А.Байтұрсынұлының еңбектерінде көрініс табады. Ұлы Ұстаздың халықтың мінезі мен тілінде, сөзінің жүйесі арасында қисын мен байланыс болатынын XX ғ. басында айтып кеткен [5].

Этнолингвистика саласының қазақ тіл білімінде тың сала ретінде қалыптасуына академик Ә.Қайдардың есімімен байланысты. Ғалымның энциклопедиялық сөздігі қазақ сөздерінің мән-мағынасын тереңірек білігісі келетін жұртшылыққа арналған сүбелі еңбектер [6]. Осы саланың дамуына ғалымның шәкірттері проф. Ж.Манкеева, проф. Р.Шойбеков, сонымен қатар проф. Р.Сыздық, проф. Н.Уәлидің еңбектері орасан зор. Профессор Н.Уәлидің пікірінше, сөздің мағынасында тілдік ұжымның этномәдени білімдер қоры сақталады [7], ал профессор Ж.Манкееваның ойынша, мәдени лексика халықтың өткенінен хабар беретін, ұлттық танымды көрсететін рухани қазына [8], орыс ғалымы И.В.Привалованың ойынша, тілдік санадағы ұлттық мәдени вербалды репрезенттердің этномәдени маркерлі сөздері тіл иелемдерінің қарым-қатынасында айшықталады. Тілдік санадағы этномәдени маркер үш түрге: лингвоқұрылымдық, лингвомәдени және лингвоэкологиялық болып үшке бөлінеді [9]. Профессор М.Сабырдың да пікірі осы ғалымдармен үндес болып келеді, сөздің тарихында халықтың ізі жатыр [10]. Сондықтан орта түркі жазба ескерткіштер тілінде және фольклорда, яғни ауызша әдеби тілдің үлгілерінде (жыраулар, эпикалық, тарихи жырлар, т.б.) сақталған этномәдени бірліктерді репрезентациялық деңгейде қарастырып, аталмыш ішкорпусқа енгізу маңызды болмақ.

Материалдар мен әдістердің сипаттамасы

Жалпы этномәдени бірліктерді талдау барысында этнолингвист ғалымдардың, корпус әзірлеу мәселесімен айналысатын тілтанушы мамандардың еңбектері басшылыққа алынды. Академик Ә. Қайдар, Р.Сыздық, Н.Уәли, Ж.Манкеева, Е.Жанпейісов, Р.Шойбековтың еңбектері жұмысымыздың әдіснамалық негізін құрады. Сондай-ақ, Қ.Жұбанов пен А.Жаңабекованың және орыс ғалымдарының И.В.Привалованың еңбектері пайдаланылды.

Зерттеу нысаны ретінде XIII-XVII ғғ. орта ғасыр жазба ескерткіштер мен XIX-XX ғғ. фольклорлық мұраларының мәтіндері алынды.

Этномәдени бірліктерді талдау барысында, сұрыптау, жүйелеу, тарихи-этномәдени талдау, этнолингвистикалық, диахронды-синхронды сипаттама әдістері қолданылды. Ұсынылған зерттеу жұмысын Ұлттық корпусстарды әзірлеу жұмыстарында пайдалануға болады.

Талқылау мен нәтижелер

Орта түркі жазба ескерткіштері және фольклорлық мұралар мәтіндер мазмұны сол дәуірдегі тілдік қауымдастықтағы рухани және материалдық мәдениетін айшықтайтын этномәдени бірліктердің мол болуымен ерекшеленеді. Әсіресе тарихи тұлғалардың, есімдердің, діни-мифологиялық ұғымдардың астарында этномәдени тілдік ақпараттар мол сақталған. Осындай этномәдени компоненттер қамтылған қолданыстардың сырына үңіліп, семантикасын анықтау қашанда өзекті болмақ.

XIII-XX ғғ. жазба мұралар тілінің мазмұны көне түркі, кірме араб, парсы сөздерінен тұратынын ескерсек, байырғы кірме лексикалық бірліктердің фразеологизмдер, ырым-тыйымдар, метафоралар, ырым-тыйымдар, парамеологизмдердің жасалуына ұйытқы сөздер қызметін атқарған. Осындай күрделі этнотаңбаларды діни-мифологиялық тұрғыдан қарастыруды жөн көріп отырмыз.

Кез келген тілдік материал өзі жасаған қоғамдағы ұғымдар мен түсініктер аясында түсіндіріледі. Қазақтың ұлттық құндылықтарын білдіретін тілдік жүйенің астарындағы этномәдени атаулар мифтік мазмұнмен сақталады. Сондықтан жазба мұралар мәтіндерінде *рухани мәдениетті айшықтайтын* діни-мифология мен аңыздарға қатысты мынадай этномәдени бірліктермен репрезенттеледі.

Көшпелі көне түркі халықтарының алғашқы діни сенімі тіршіліктің қайнар көзі – табиғат, ал табиғатты жаратушы *Тәңір* ұғымымен байланысты екенін жазба ескерткіштер негізінде дәйектелді. Түркі халықтарының табиғи күштерді пір тұтып, *Көгілдір Аспанды* – ең жоғарғы әлемнің тірегі, *Жер* мен *Суды* – тіршіліктің тірегі деп санаған [2].

Орта ғасыр түркі жазба ескерткіштер мәтіндерінде аспан денелерін репрезентациялайтын этномәдени бірліктер бар: *жеті қат иер, жеті қабат сарай, жеті ықлым*.

Жеті қат зар нигар айуани уала

Жеті қабат алтындалған зәулім сарайды (Мұхаббатнаме)

Түркі ақыны Хорезмидің бұл өлең жолдарында *жеті қат уала* деп тұрғаны Алланың жаратқан *жеті қат ғаламды* айтып тұр.

Ешігінде жеті көк банде болсұн

Есігінде *жеті ықлым* пенде болсұн (Мұхаббатнаме)

Жеті ықылым дүниені

Жылап жүріп көріпті. (БС, 45-том, 128-б.)

Бізден бұрын бір патша болған екен,

Жеті ықылымды ол билеп тұрған екен. (БС, 6-том, 261-б.)

Ғалым Н. Уәли қазақ дүниетанымында ғаламның көп қабатты модельдері де орын алғандығын, тілдік қорымызда сақталған *жеті ғалам, жеті қат көк* тұрақты сөз тіркестері осындай көне ұғымнан шыққандығын көрсетеді. Мәселен, мифологиялық *жеті ғалам* түсінігі көлденең бағыттағы күншығыс, күнбатыс, түстік, терістік аталатын негізгі жеті бағытты білдіреді [7].

Жеті қат йерін һәм тек тұтғучы ол

Жеті қабат жерді де ол тұтушы ол (Мұхаббатнаме)

Қорықпа Жомарт мені алады-ау деп,

Жәрдемшім толып жатыр *жеті қабат* (БС, Анар-Сәуле жыры, 25-том, 100-б.)

Он сегіз мың ғалам да

Бойсұнғандай еркіне (БС, Қыз Жібек жыры, 26-том, 106-б.).

Ортағасырлық жазба мұраларда *толун ай* тұрақты тіркесімен қыздың сұлулығы сипатталады.

Айла кім ғасахатның тілінің көрікті сипатларындан ажез еді сағынғайсын кім қараңғұ кечеде *толун ай* тұғды иа зұлмат ічінден аб-е хайат чықты (Түрікше Гүлістан).

Тарихи жырларда орын алған:

Толған айдай толықсып,

Неше алуан қылықсып (Батырлар жыры).

Әнуар болсын бізге күйеу бала,

Мүсіні *толған айдай* асылзада. (БС, 25-том, 133-б.)

Толған айдай толықсып,

Ақ сазандай булықсып. (БС, 26-том, 108-б.)

Көне түріктердің космологиялық сенімімен байланысты Күн, Ай, Жұлдыз сияқты аспан денелерін киелі ұғым ретінде қадірлегенін қазіргі тілімізде жиі қолданатын *айға қарап дәрет сындырма, айды қолыңмен көрсетпе, ай толғанда жолға шықпа* т.б. тыйым сөздерде де көрініс табады. Ал Күнге байланысты Қ.Жұбанов *күнді көру, күнді ерту (күн көру, күнелту)* мысалдары арқылы ойлаудың кезеңі мен деңгейінен хабар береді [12, 47-48]. Осы сияқты *жұлдызы жанды, жұлдызы жарқын, жұлдызы сөнді, айы оңынан туды, айдың күні аманында, жерге кіріп кете жаздады, жер қылды, жермен жексен етті, Тәңір жарылғасын, Көк соққыр сөз тіркестерінде, айдай сұлу, күндей көркем, күндей нұрлы, жұлдыздай жайнау, шолпан жұлдыздай* т.б теңеулердің де осы діни-мифологиялық сенімнің іздері жатыр.

ҚТҰК-ның аясында әзірленген мәдени-репрезентативтік ішкорпусы қазақ халқының салт-дәстүріне, әдет-ғұрпына қатысты мәдени семантикалық белгіленімдермен қойылған: 1. сөз табы; 2. мәдени белгі; 3. стильдік белгі (помета); 4. тілдік (лексикалық мағына); 5. мәдени-семантикалық мағына [3]. Осылайша жазба мұраларда жиі кездесетін діни-мифологиялық этнотаңбалардың жабық кодтағы семантикасын айқындап, интерпретациясын беру қажет. Мәселен, *нұр* сөзінің баршамызға түсінікті сәуле деген мағынаны ғана білдірмейді, оның астарында жатқан діни мағынасын да көрсету қажет.

Сөз: НҰР [ир. نور нұр]

Сөз табы: з а т е.

Мәдени белгі: заттық

Тақырыптық топ: рухани

Лексикалық мағына: Сәуле, жарық, шұғыла. Құранның 24-сүресінің атауы, Алланың көркем есімдерінің бірі.

Діни-мифологиялық семантика: Бүкіл ғалам, жанды, жансыз дүние, адам баласы жаралған Алла тағаланың құдіретті қуаты.

Мұхаммед пайғамбардың нұры Алла тағаланың нұрынан бөлініп, бос кеңістікке шығарылғаннан кейін сан мыңдаған, миллиондаған жылдар бойына болашақ әлем орнайтын аймақта сайран салады. Белгілі бір уақыт өткеннен кейін Жаратушының марқаматымен (рақымымен) салла аллаһу алаһи уа салламның нұры әбден кемеліне келеді. Он сегіз мың ғаламның ең алғашқы негізі – осы нұр еді. Кемеліне келген таңғажайып нұр Алла тағаланың Ардасымен одан әрі қандай өзгерістерге ұшырайды? Ең алдымен, кеніш сияқты асыл нұрдан 1) материя, 2) рух, 3) нұр камал ас-саруар бөлініп шығады. Мұхаммед салла аллаһу алайһи уа салламның (жеке басына тән) өз нұрын *нұр камал ас-саруар* деп атайды. Нұр камал ас-саруардан бір жүз жиырма төрт мың пайғамбар, тоқсан тоғыз мың машайық, сексен сегіз мың әулиенің, Алла ризашылығын алған салихтардың (тақуалардың) нұрлары, бүкіл адамзаттың нұры бөлініп, Адам ата кемерінен бастап бірден бірге беріліп келеді [13].

Тарихи шежірелерде Шыңғыс хан Нұрдан жаралған делінеді. Шыңғыс хан туралы жазылған жазба ескерткіштерде «Жамиғ-ат тауарих» пен «Түркі шежіресінде» аспаннан күндей жарқыраған жарықтың түңліктен түскенін, оның қайта кіріп, қайта шыққанын, бірақ жұрттың оның түрін көре алмағандығы, Алуанқуаның содан жүкті болғаны жайында қысқаша мәлімет беріледі.

Мінәжат Хаққа қылды *Нұр Мұхаммед*,

—Бізден себеп тілер жамиғ үмбет. (БС, 12-том, 30-б.)

Нұр төгіліп көңіліне,

Таныды сонда Құдайды. (БС, 12-том, 161-б.)

Мына тұрған Толқынға

Алланың *нұры* дарыды (БС, 33-том, 115-б.)

Келесі қарастыратын сөзіміз – топырақ. Ауыз әдебиеті мен жазба мұраларда *топырақ* сөзінің тарихи этномәдени семантикасы тереңде әрі жан-жақты екенін көре аламыз.

Сөз: ТОПЫРАҚ

Сөз табы: з а т е.

Мәдени белгі: заттық

Тақырыптық топ: экология

Лексикалық мағына: 1. Жердің сыртқы, үстіңгі жұмсақ қабаты. 2. э к о л. Атмосфераның, литосфераның, биосфераның және физикалық, химиялық, биологиялық процестердің әсерінен түзілген жер қыртысының борпылдақ беткі қабаты (Қазақ сөздігі, 2013. 1263-б.).

Діни-мифологиялық семантика: *Топырақ* сөзінің этнос санасында беретін лексикалық және этномәдени мағыналары кең, әрі әралуан. Топырақ – тіршіліктің көзі; күллі тіршілік азық тауып, өмір сүретін ортасы; діни ұғым бойынша адамзат топырақтан пайда болып, өлгенде топыраққа айналады; киелі ұғым; туған жермен ассоциаланады; топыраққа дұға оқу; өлім-қазаға байланысты ұғым-түсініктер мол.

Құдай тағаланың адам ғалейһиссаламды жаратқанының баяны Құдай тағала адамды жаратарда Жәбірейіл ғалейһиссаламды жер бетінен *топырақ* алып кел деп жұмсады (Әбілғазы баһадүрдің «Түрік шежіресі»).

Қожа Ахмет Ясауи хикметтерінде кездесетін сопылық мағынада қолданылатын «топырақ сипатты» сөз қолданысының мәні парасатты, кішіпейіл, қарапайым болу деп түсініледі. Топырақ болу, нәпсіден арылу – Хаққа қауышудың бірінші шарты.

Топырақ сипат қорлық тартқын, нәпсің өлсін,

Ынта берсең, нәпсім теуіп жыласам мен (Қ.А.Ясауи хикметтері).

Тәкаппарлақты аяқ астында басып алдым,

Он төртімде *топырақ сипат* болдым мен (де) (Қ.А.Ясауи хикметтері).

Басым топырақ, өзім топырақ, денем топырақ (Қ.А.Ясауи хикметтері).

Ағашпен ол зынданның бетін жапты,

Қалың қып *топырақпен* һәм сылапты (БС, 6-том, 214 б.).

Хақ тағдыры сондай болған,

Атаң Адам *топырақтан* жаратылған (БС, 2-том, 95 б.).

Топыраққа бір нәрсені оқып шашты,

Босатты мұнда келіп аяқ-қолды (БС, 1-том, 294 б.).

Топыраққа муәккіл періштені

Бір «Есім Ағзам» оқып шақыртыпты (БС, 4-том, 83 б.).

Кетсем дағы тілімді алып жүр деп,

Кетерінде бір уыс *топырақ* шашты (БС, 5-том, 163-б.).

«Адамның топырақтан жаралу» қиссасында топырақтың ерекше сипаттары көрсетіледі.

Тіркесімділік семантикалық өрісі:

Топырақ салу. салт. Марқұмды жерлеу кезінде қоштасудың соңғы белгісі ретінде бір уыс топырақ салу үрдісі.

Топырақ тойы. салт. Ел ішіндегі белгілі адамның көзі тірісінде өзіне арнап берілетін астың атауы.

Топырақ сипат. мінез. Кішіпейіл, қарапайым, сабырлы қасиеттерге ие болу.

Нәсілі топырақ болу. миф. Діни таным бойынша Адам ата топырақтан жаралған деген ұғымнан туындаған.

Әзіз басын топырақ қылу. Сопылық таным бойынша қарапайым, кішіпейіл, сабырлы күйге түсіп, қиындыққа төзімді болу.

Қ.Ясауидің хикметтерінде топырақ сөзін балама вариант ретінде *тураб* (араб сөзі: топырақ), *хак* (парсы сөзі) қолданып, жыр шумақтарына ырғақ беру мақсатында, дыбыстардың ұқсастығы үшін 5-6 жерде қолданылғаны байқалады. Мысалы: тураб / хәраб / пораб / сәрап; хак / пәк / чак.

Қазақ тілінің бай, ескі қабатынан көрініс табатын этномаркелі сөздің бірі су сөзі. Судың ғылым мен өмірдің әр саласында алар орны орасан зор. Судың дәстүрлі танымдағы көрінісінде тіршілік бастауында тұрған енгізгі элемент әрі осы сөзден туындайтын тіркесімділік өрісінің тереңдігін байқаймыз.

Сөз: СУ

Сөз табы: з а т е.

Мәдени белгі: заттық

Тақырыптық топ: экология

Лексикалық мағына: түссіз, мөлдір сұйық зат, бүкіл тіршілік иелерінің негізгі құрамдас бөлігі

Діни-мифологиялық семантика: Жаратылыс атаулының бірі. Судың пайда болуы туралы үш түрлі миф бар: өзен көлдердің көз жасынан пайда болуы; өзен-көлдердің әулие-әнбиелердің таяғы тұрткен немесе аяғы тиген жерлердегі бұлақ көзінен пайда болуы; жануарларды қасиет тұтумен байланысты өзен-көлдердің пайда болуы. Осындай мифтік наным-сенімге қатысты ырым-тыйымдар бірте-бірте қоғамдық қатынасқа сумен байланысты этикалық нормалардың пайда болуымен байланысты этикалық нормалардың орнығуна негіз болған [11].

Хорезмидің шығармаларындағы *Мейрам суы*, *Зәмзәм суы*, *Әбілхаят суы*, *Шілде (шілтен) суының* діни семантикалық өрістерін профессор Б.Сүйеркүл анықтап көрсетіп береді [14, 176-179].

Қорытынды

Қорыта келгенде, этномәдени бірліктердің қайнар көзі орта ғасыр жазба ескерткіштері мен фольклорлық мұралар тілінен бастау алады. Фразеологизмдердің, метафоралардың құрамында ұйытқы болған діни мифологиялық ұғымдарды қамтитын этномәдени бірліктердің қазіргі тілінде сақталғаны – түркілік бейнелі ойлау жүйесінің ортақтығын, өміршеңдігін көрсетеді. Сондықтан түркі халықтарының, оның ішінде қазақ халқының ғасырлар бойы қалыптасқан төл мәдениетін мен діни сенімдерін дәлелдейтін рухани көздердің бірі ретінде алдағы уақытта аталмыш ішкорпусты діни-мифологиялық мазмұнды қамтитын этномәдени тілдік бірліктердің белгіленімдерімен толықтыру қажет. Ішкорпуста жабық кодқа салынған этномәдени ақпараттардың берілуі – бүгінгі тіл иелмендерінің лингвомәдени құзыреттілігі артады, сол дәуірде өмір сүрген түркі халықтарының таным-түсінігін анықтауға мүмкіндік болады. Мақаламызды белгілі түркітанушы ғалым Р. Сыздықтың сөзімен айтқанда қазақ тілінің ескі сөздерінің астарындағы мәнін ашу ғылыми ізденістің біріне жатады [15].

Жеті қат, жеті ықлым, жеті қабат жер, толған ай, нұр, топырақ, су этномаркелі сөздердің қазақ тілінің мәдени ішкорпусының метабелгіленімі көрсетіліп, тарихи, діни, сопылық, космологиялық этномәдени мәні ғасырлар бойы таным сүзгісінен өтіп, халықпен бірге вербалды амалдар арқылы өрнектеліп, жазба мұраларға хатталып, мағыналық даму, жетілу сатыларынан өтті.

Қысқарған сөз: БС – Бабалар сөзі: Жүзтомдық. – Астана: «Фолиант», 2013.

Қаржыландыру туралы ақпарат

Мақала «BR18574132 «Мәдени-репрезентативті және жарнама мәтіндерінің ішкорпустарын әзірлеу» атты бағдарламалық-нысаналы қаржыландыру» жобасы аясында әзірленді.

ӘДЕБИЕТ

[1] Қазақ тілінің ұлттық корпусы. Мәдени-репрезентативті ішкорпус. – URL: <https://qazcorpus.kz/>

[2] Байымбетова Р.К. Түркілер дүниетанымының тілдік репрезентациясы (VII-IX ғасырлардағы түркі ескерткіштерінің тілі негізінде): филология ғылымдарының кандидаты ғылыми дәрежесін алу үшін дайындаған диссертациясының авторефераты. 10.02.06 – түркі тілдері. – 59 б.

[3] Өтебаева Ә.Ә., Исаева Г.С., Серікқызы М. Лингвомәдени ішкорпусты әзірлеудегі мәдени-семантикалық белгіленім // Tiltanym. – 2023. – №3. – Б.135-143. – URL: <https://doi.org/10.55491/2411-6076-2023-3-135-143>).

[4] Веденина Л.Г. Человек в лингвоэтнокультурном пространстве. – М.: Языки славянской культуры, 2017. – 664 с.

[5] Ахмет Байтұрсынұлы. Таңдамалы шығармалар. / Құраст.: Е.Тілешов, Н.Аитова (жауапты редактор), О. Жұбай, А. Қадырхан. – Астана, 2022. – 240 б.

[6] Қайдар Ә. Қазақтар: ана тілі әлемінде (этнолингвистикалық сөздік). I-III т. – Алматы. – 2009; 2013.

[7] Уәли Н. Ұлттық мәдениеттің мәдени кодтарын ашу мәселелері // Tiltanym. – 2015. – №3. – Б.40-52. – URL: <https://www.tiltanym.kz/jour/article/view/514/354>

[8] Манкеева Ж.А., Шүленбаев Н.К., Бисенғали А.З. Мәдени-репрезентативті ішкорпустарды әзірлеудегі мәдени бірліктерді аннотациялау проблемалары // Tiltanym. – 2023. – №3. – Б. 95-102. – URL: <https://doi.org/10.55491/2411-6076-2023-3-95-102>

[9] Привалова И.В. Языковое сознание: этнокультурная маркированность: теоретико-экспериментальное исследование: автореферат диссертации на соискание ученой степени докт. филолог.н. – Москва, 2006. – 52 с.

[10] Сабыр М. Орта түркі тілі лексикасы мен қазақ тілі лексикасының сабақтастығы (XIV ғасыр жазба ескерткіштері негізінде). – Алматы: Қазақ университеті, 2004. – 190 б.

[11] Қазақтың этнографиялық категориялар, ұғымдар мен атауларының дәстүрлі жүйесі. Энциклопедия. 1-том. – Алматы: DPS, 2011. – 738 б.

[12] Жұбанов Қ.Қ. Қазақ тілі бойынша зерттеулер. – Алматы: «Ғылым», 1999. – 581 б.

[13] Сағындықов Б. Ғаламның ғажайып сырлары /Діни-танымдық зерттеу. – Алматы, 2016. – Б.47-48.

[14] Сүйеркүл Б.М. Хорезмидің «Мұхаббатнамесіндегі» (XIV ғ.) лингвосемантикалық кеңістік. – Алматы: Дайк-Пресс, 2011. – 376 б.

[15] Сыздық Р. Қазақ тіліндегі ескіліктер мен жаңалықтар. – Алматы: Арыс, 2009. – 272 б.

REFERENCES

[1] Qazaq tılınıń ultiq korpussy. Mädeni-reprezentativtı ıshkorpys (National Corpus of the Kazakh language. Cultural and representative subcorpus). – URL: <https://qazcorpus.kz/> [in Kaz.]

[2] Baiymbetova R.K. Türkiler dünietyanymynyń tıldık reprezentasiyası (VII-IX ғasyrlardaғы түркі eskertkişteriniń tılı negızinde) (Linguistic representation of the Turkic worldview (based on the language of Turkic monuments of the VII-IX centuries)): filologia ғыlymdarynyń kandidaty ғыlymi дәrejesin alu үшін дайындаған disertasiyasynyń avtoreferaty. 10.02.06 – түркі tilderi. – 59 b. [in Kaz.]

[3] Ötebaeva E.Ä., İsaeva G.S., Serikqyzy M. Lingvomädeni ıshkorpusty äzirleudegi mädeni-semantikalyq belgilenim (Cultural and semantic designations in the development of linguocultural subculture) // Tiltanym. – 2023. – № 3. – B. 135-143. – URL: <https://doi.org/10.55491/2411-6076-2023-3-135-143>). [in Kaz.]

[4] Vedenina L.G. Chelovek v lingvoetnokulturnom prostranstve (A person in a linguoethnocultural space). – M.: İazyki slavяnskoı kultury, 2017. – 664 s. [in Rus]

- [5] Ahmet Baitürsynūly. Tañdamaly şyğarmalar (Selected works) / Qūrast.: E.Tıleşov, N.Aitova (jauapty redaktor), O. Jūbai, A. Qadyrhan. – Astana, 2022. – 240 b. [in Kaz.]
- [6] Qaidar Ä. Qazaqtar: ana tılı älemінде (etnolingvistikalıq sözdik) (Kazakhs: in the world of their native language (ethnolinguistic dictionary)) I-III t. – Almaty. – 2009; 2013. [In Kaz.]
- [7] Uāli N. Ūlttyq mādeniettiñ mādeni kodtaryn aşu māseleleri (Problems of deciphering the cultural codes of national culture) // Tiltanym. – 2015. – №3. – B.40-52. <https://www.tiltanym.kz/jour/article/view/514/354> [in Kaz.]
- [8] Mankeeva J.A., Şūlenbaev N.K., Bisenğali A.Z. Mādeni-reprezentativtı ıškorpustardy āzırleudegi mādeni birlikterdi anotasiyalau problemalary (Problems of annotation of cultural units in the development of cultural and representative subcorpus) // Tiltanym. – 2023. – №3. – B. 95-102. – URL: <https://doi.org/10.55491/2411-6076-2023-3-95-102> [in Kaz.]
- [9] Privalova İ.V. İazykove soznanie: etnokūlturnaia markirovannōst: teoretiko-eksperimentālnoe issledovanie (Linguistic consciousness: ethnocultural labeling: theoretical and experimental research): avtoreferat disertatii na soiskanie uchenoi stepeni dokt. filolog.n. – Moskva, 2006. – 52 s. [in Rus]
- [10] Sabyr M. Orta türkı tılı leksikasy men qazaq tılı leksikasynyñ sabaqtastyğy (XIV ğasyr jazba eskertkişteri negızinde) (Continuity of the vocabulary of the middle Turkic language and the vocabulary of the Kazakh language (based on Written monuments of the XIV century)). – Almaty: Qazaq universiteti, 2004. – 190 b. [in Kaz.]
- [11] Qazaqtyñ etnografialıq kategorialar, ūğymdar men ataularynyñ dāstūrlı jūiesi (Traditional system of Kazakh ethnographic categories, concepts and names). Ensiklopedia. 1-5 t. 1-tom. – Almaty: DPS, 2011. – 738 b. [in Kaz.]
- [12] Jūbanov Q.Q. Qazaq tılı boıynşa zertteuler (Research on the Kazakh language). – Almaty: «Ĝylym», 1999. – 581 b. [in Kaz.]
- [13] Sağyndyqov B. Ĝalamnyñ ğajaiyp syrlary /Dini-tanymdyq zerttreu / (Amazing secrets of the universe). – Almaty, 2016. – 575 b. [in Kaz.]
- [14] Süierqūl B.M. Horezmidıñ «Mūhabbatnamesindegi» (XIV ğ.) lingvosemiotikalıq keñistik (In the "Muhabbatnames" of Khorezmi (XIV century) linguosemiotic space). – Almaty: Daik-Pres, 2011. – 376 b. [in Kaz.]
- [15] Syzdyq R. Qazaq tilindegi eskilikter men jañalyqtar (Old and new in the Kazakh language). – Almaty: Arys, 2009. – 272 b. [in Kaz.]

РАЗРАБОТКА ИСТОРИЧЕСКОЙ ЭТНОКУЛЬТУРНОЙ И СЕМАНТИЧЕСКОЙ РАЗМЕТКИ

(на материале средневекового и фольклорного наследия)

*Сейтбекова А.¹, Кубденова Г.²

*¹кандидат филологических наук, Институт языкознания
имени Ахмета Байтурсынова, Алматы, Казахстан
e-mail: ainurseit@mail.ru, <https://orcid.org/0000-0003-4268-1572>

²кандидат филологических наук, Институт языкознания
имени Ахмета Байтурсынова, Алматы, Казахстан
e-mail: guljihhan@mail.ru, <https://orcid.org/0000-0001-7514-8710>

Аннотация. Актуальным вопросом прикладной лингвистики в современном казахском языке остается выявление значений кода национальных этнокультурных единиц, внедрение в их в Национальный корпус казахского языка и разработка на этой основе толковых словарей. Результаты данных лингвистических исследований и электронные ресурсы будут представлены в открытом доступе для их использования всеми членами общества в целях пробуждения национального и духовного самосознания, уяснения

смыслового кода этнокультурных ценностей, содержащих важную познавательную и воспитательную информацию для молодежи в эпоху глобализации.

Богатейший фонд этнокультурных единиц, представляющих национальные духовные ценности казахского народа, вобрал в свой состав древнетюркское и среднетюркское письменное наследие и образцы языка устного творчества.

Основная цель исследования – анализ религиозно-мифологических этномаркерных языковых единиц в текстах письменного наследия и предложить образец этнокультурной разметки для введения в «Культурно-репрезентативный подкорпус».

Поскольку этот язык средневековых письменных памятников и фольклорных наследии состоит из древнетюркских, арабских, персидских слов, то все эти единицы послужили образованию фразеологизмов, паремеологизмов. Лексико-фразеолого-паремиологические единицы, встречающиеся в письменных текстах, являются языковыми средствами, отражающими духовное, религиозное, мифологическое, бытовое, социальное, общественное, эстетическое сознание той эпохи. В этой связи в статье рассмотрены лишь этнокультурные единицы, содержащие религиозно-мифологические понятия. Они встречаются в текстах письменных памятников среднетюркской эпохи (XIII-XVII вв.) и в фольклорном наследии XIX-XX веков. В статье выявляются значение и специфика использования данных религиозно-мифологических этнокультурных единиц, сформировавших этнокультурный код, содержащийся в языке письменного наследия, а также анализируются вопросы создания этносемантической разметки и предлагается образец данной разметки для введения в «Культурно-репрезентативный подкорпус» Национального корпуса казахского языка.

При анализе религиозно-мифологических единиц предпочтение дано методу историко-этнокультурного анализа.

Практическая значимость статьи разработка семантической разметки исторических этнокультурных языковых единиц, относящихся к религиозно-мифологическим понятиям, входящим в «культурно-репрезентативный подкорпус» Национального корпуса казахского языка, разрабатываемый Институтом языкознания имени Ахмета Байтурсынова будет полезным инструментом для распознавания смысла, лежащего в основе определенного этнокультурного термина.

Ключевые слова: этнокультурная единица, письменное наследие, религия, миф, лексика, семантика, Национальный корпус казахского языка, культурный корпус

DEVELOPMENT OF ETHNOCULTURAL SEMANTIC MARKUP (based on the material of medieval and folklore heritage)

*Seitbekova A.¹, Kobdenova G.²

*¹Candidate of Philological Sciences, Akhmet Baitursynov Institute of Linguistics
Almaty, Kazakhstan

e-mail: ainurseit@mail.ru, <https://orcid.org/0000-0003-4268-1572>

²Candidate of Philological Sciences, Akhmet Baitursynov Institute of Linguistics
Almaty, Kazakhstan

e-mail: guljihhan@mail.ru, <https://orcid.org/0000-0001-7514-8710>

Abstract. An urgent issue of applied linguistics in the modern Kazakh language remains the identification of the meanings of the code of national ethnocultural units, their introduction into the National Corpus of the Kazakh language and the development of explanatory dictionaries on this basis. The results of these linguistic studies and electronic resources will be made publicly available for use by all members of society in order to awaken national and spiritual self-awareness, clarify the semantic code of ethnocultural values containing important cognitive and educational information for young people in the era of globalization.

The richest fund of ethnocultural units representing the national spiritual values of the Kazakh people has incorporated the ancient Turkic and Middle Turkic written heritage and samples of the language of oral creativity.

The main purpose of the study is to analyze religious and mythological ethnomarker linguistic units in the texts of written heritage and to offer a sample of ethnocultural markup for introduction into the "Culturally representative subcorpus".

Since this language of medieval written monuments and folklore heritage consists of ancient Turkic, Arabic, and Persian words, all these units served to form phraseological units, paremiologisms. The lexical, phraseological and paremiological units found in written texts are linguistic means reflecting the spiritual, religious, mythological, every day, social, aesthetic consciousness of that era. In this regard, the article considers only ethnocultural units containing religious and mythological concepts. They are found in the texts of written monuments of the Middle Turkic epoch (XIII-XVII centuries) and in the folklore heritage of the XIX-XX centuries. The article reveals the significance and specifics of the use of these religious and mythological ethnocultural units that formed the ethnocultural code contained in the language of written heritage, as well as analyzes the issues of creating ethnosemantic markup and offers a sample of this markup for introduction into the "Culturally representative subcorpus" of the National Corpus of the Kazakh language.

In the analysis of religious and mythological units, preference is given to the method of historical and ethnocultural analysis.

Practical significance of the article is the development of semantic markup of historical ethnocultural linguistic units related to religious and mythological concepts included in the "culturally representative subcorpus" of the National Corpus of the Kazakh language, developed by the A.Baitursynov Institute of Linguistics, will be a useful tool for recognizing the meaning underlying a certain ethnocultural term.

Keywords: ethnocultural unit, written heritage, religion, myth, vocabulary, semantics, National corpus of the Kazakh language, cultural corpus

Статья поступила 10.01.2024